



Кеделбаев Бейсенбай  
1906 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Сартал ауылдық кеңесінде туған. 1942 жылы ақпан айында Торғай АӘК-нан әскерге шақырылып, 45-атқыштар батальонының 65-атқыштар полкі құрамында қатардағы жауынгер болған. Сталинград облысының Дубовка қаласында, кейін Оңтүстік-Батыс майдандарда генерал-майор И.М.чистяков басқарған 21- армия құрамында соғысқан. 1945 жылы елге келіп, зейнеткерлікке шыққанша қойшы болған. Жауынгерлік ерліктері үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «еңбектегі ерлігі үшін» және бірнеше мерекелік

медальдармен марапатталған. 1987 жылы қайтыс болған.

